



Автор: Бакеева Турсынгуль Дошняязовна

Пән: Өзін-өзі тану

Сынып: 3- сынып

Бөлім: Адам болам десеңіз

Тақырып: Ақкөңілділік туралы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Сабақтың міндеттері: Білімділік: оқушыларға ақкөңілділік ұғымына ақпейілділік қасиеті арқылы түсінік беру; Дамытушылық: оқушылардың бойындағы ақкөңілділікті түсіністік қасиеті арқылы дамыту; Тәрбиелік:оқушыларды ақкөңілділікке тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты:	Сабақтың мақсаты:оқушыларға ақкөңілділіктің маңыздылығын түсіндіру арқылы қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу.
Тілдік мақсаттар:	Басқаларға сыпайы сөйлеуге үйрету
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар басқалармен қарым-қатынаста ақкөңілділік танытып , оймен , сөзбен , іспен қиянат жасамауды үйренеді.
Бағалау критерийлері:	сабақтың құндылығын ашу дәрежесі бағаланады
Құндылықтарды дарыту:	қиянат жасамау құндылығын жарыққа шығару
АКТ-ны қолдану дағдылары:	"Хрустальная грусть" релаксациясы , "Просто так" мультфильмі , әннің мәтіні интербелсенді тақтадан көрсетіледі.
Пәнаралық байланыс:	әдебиеттік оқу , музыка,бейнелеу
Бастапқы білім:	ба сқалармен жағымды қарым-қатынас дағдылары

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу.	Хрустальная грусть релаксациясы
Сабақтың ортасы	Үй тапсырмасын тексеру:«Рақым» әңгімесін талдау: -Сағаттың кеудешені ұсыну себебі неде? -Сағаттың іс-әрекетінен қандай үлгі алуға болады? - «Шын жақсыда тарлық жоқ» дегенді қалай түсінесіңдер? -ақкөңілділік қандай қасиет деп ойлайсыңдар? -өзіңнің ақкөңілділік танытқан кезің болды ма?Қалайша? -сендер қандай жағдайда түсіністік таныттыңдар?Дәйексөз «Ақкөңілділік-адам ойының тазалығының көрінісі» Ж.Баласағұни 2-рет ер балаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу. Әңгімелеу Просто так мультфильмін көрсету және талдау. -мультфильм кейіпкерлерінен адамға тән қандай қасиеттерді байқадыңдар? - ақкөңілділік , ақпейілділік адамға қалай әсер етеді? -айналаңмен түсіністікте болу үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар? -өздеріңнің ақкөңілділік танытқан кездерің туралы айтып беріңдер? -сендер өз орталарыңмен түсіністікте болу үшін не істей аласыңдар? -кімді ақкөңіл дей аласың?Неліктен? Шығармашылық жұмыс Топтық жұмыс.Гүлдің күлтелеріне ақкөңілділікті сипаттайтын сөздерді жазыңдар. Топпен ән айту Жас дәуірдің гүліміз әнін бірге орындау.	оқулық 91 бет , дәптер
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: №20 сабаққа 94 беттегі Е.Өтетілеуұлының «Мейірбан» әңгімесін оқып және мазмұндап келу.	Өзін-өзі тану оқулығы 94бет

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды айқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар!	